

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХИМИЯ САЛАСЫНДАҒЫ 2025-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының химия саласындағы 2025-2027 жылдарға арналған салалық келісімі (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық еңбек ұйымының Конвенцияларына сәйкес әлеуметтік әріптестік шеңберінде химия саласы ұйымдарын тұрақты дамыту мақсатында жасалды.

1.2. Осы Келісім жұмыскерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін, кепілдіктері мен жеңілдіктерін қорғауды, жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

1.3. Келісімнің тараптары:

1) уәкілетті мемлекеттік органның өкілі:

- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

2) жұмыс берушілердің өкілі:

- «Қазақстан Республикасының химиктер одағы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – Жұмыс беруші);

3) жұмысшылардың өкілі:

- «Химия, мұнай-химия және өнеркәсіптің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ).

1.4. Әлеуметтік әріптестік келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) әлеуметтік, Еңбек және онымен байланысты қатынастарды реттеудің тиімді механизмін қалыптастыру;

3) тараптардың мүдделерін объективті ескеру негізінде Сала кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету болып табылады;

4) жұмыскерлердің еңбек саласындағы құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету, оларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру;

5) жұмыскерлердің біліктілігін және кәсіби деңгейін арттыру;

6) ымыраға барынша қол жеткізу мақсатында әлеуметтік әріптестік тараптары арасындағы консультациялар мен келіссөздер процесіне жәрдемдесу;

- 7) ұжымдық еңбек дауларын бейбіт жолмен шешуге жәрдемдесу;
- 8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді іске асыруды қамтамасыз ету;
- 9) салалық біліктілік жүйесін дамыту арқылы еңбек ресурстарының сапасын арттыру;
- 10) саланың кадрларға қажеттілігін айқындау тәртібін жетілдіру болып табылады.

1.5. Келісім:

- 1) Тараптардың еңбек заңнамасын және еңбек құқығы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік нормалары бар өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауы;
- 2) тараптардың тең құқылығы және мүдделерін құрметтеу болып табылады;
- 3) талқыланатын мәселелерді таңдау еркіндігі және қабылданатын шешімдердің жариялылығы қағидаттарына негізделеді;
- 4) тараптардың өзара міндеттемелер қабылдауының еріктілігі мен өкілеттілігі және оларды орындаудың нақтылығы, әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу қағидаттарына негізделеді;
- 5) осы Келісімді орындау міндеттілігі және қабылданған міндеттемелерді өз кінәсінен орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 6) әлеуметтік әріптестікті нығайтуға және дамытуға мемлекеттің жәрдемдесуі;
- 7) еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, терісінің түсіне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты кемсітушілікке жол бермеу қағидаттары негізінде жасалды.

1.6. Келісімнің күші Министрлікке, жұмыс берушілерге, қызметкерлерге және олардың өкілдеріне, сондай-ақ оған қосылған Қазақстан Республикасының химия саласының кәсіпорындарына/ұйымдарына қолданылады.

1.7. Келісім мазмұны Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда жұмыскерлердің жағдайын нашарлатпауға тиіс ұжымдық шарттар жасасу кезінде ұйымдардағы келіссөздер үшін негіз болып табылады.

1.8. Келісімнің қолданылу кезеңінде қабылданған және жұмыскерлердің жағдайын жақсартатын нормативтік құқықтық актілер күшіне енген сәттен бастап Келісімнің тиісті тармақтарының қолданылуын кеңейтеді. Егер нормативтік құқықтық актілермен жұмыскерлердің жағдайы нашарлатылатын болса, осы Келісімнің шарттары қолданылады.

1.9. Ұйымдардың ішкі құжаттарында Келісімде көзделгеннен гөрі жұмыскерлер үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар көзделген жағдайда,

ұйымдардың ішкі құжаттарының жұмыскерлер үшін неғұрлым қолайлы жағдайлары қолданылады.

1.10. Осы Келісімде мынадай ұғымдар және олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) **әлеуметтік әріптестік** – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған өзара қатынастар жүйесі;

2) **салалық комиссия** – Тараптар орындауға міндетті болатын тиісті шешімдермен ресімделетін консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы әлеуметтік әріптестік тараптарының мүдделерін келісуді қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс істейтін орган;

3) **салалық келісім** – салалық кәсіпорындар жұмыскерлері үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі міндеттемелерді айқындайтын, әлеуметтік әріптестік Тараптарының арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт;

4) **ұжымдық шарт** – өздерінің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің арасында жасалатын, ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт. Ұжымдық шарт шетелдік заңды тұлғалардың ұйымдарында да, сондай-ақ филиалдары мен өкілдіктерінде де жасалуы мүмкін. Ұйымда бір ұжымдық шарттың болуына жол беріледі;

5) **еңбек шарты** – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, оған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртібін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

6) **жұмыскер** – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға, оның ішінде шетелдік тұлға және азаматтығы жоқ адам;

7) **Жұмыс беруші** – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

8) **Жұмыс берушілердің өкілдері** – құрылтай құжаттары және (немесе) сенімхат негізінде Жұмыс берушінің немесе Жұмыс берушілер тобының мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

9) **жұмыскерлердің өкілдері** – кәсіподақтар және олардың бірлестіктері, ал олар болмаған кезде Кодексте көзделген жағдайларда

жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік даусымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер;

10) **татуластыру комиссиясы** – ұжымдық еңбек дауын Тараптарды татуластыру арқылы реттеу үшін Жұмыс беруші мен жұмыскерлер (олардың өкілдері) арасындағы келісім бойынша құрылатын орган;

11) **татуластыру рәсімдері** – ұжымдық еңбек дауын бастапқыда татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігінде, сондай-ақ медиация рәсімін қолдана отырып, Тараптардың өзара келісуі бойынша дәйектілікпен қарау;

12) **еңбек дауы (жанжал)** – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларын қолдану, салалық келісімді, еңбек, ұжымдық шарттарды, Жұмыс берушінің актілерін орындау немесе өзгерту бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен Жұмыс берушінің (Жұмыс берушілердің) арасындағы келіспеушіліктер;

13) **еңбек төрелігі** – татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде, еңбек дауын шешу үшін уәкілетті адамдарды тарта отырып, ұжымдық еңбек дауының тараптары құратын, уақытша жұмыс істейтін орган.

II. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2.1. Тараптар:

1) осы Келісімнің 1.5.-тармағында көрсетілген қағидаттарды басшылыққа алуға;

2) әлеуметтік, Еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін құру жөніндегі міндеттерді шешу кезінде тепе-тең негізде ынтымақтасуға;

3) мемлекеттік басқару органдарында, соттарда жұмыскерлердің еңбек, әлеуметтік және олармен байланысты экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша сөз сөйлеуге, тиісті нормативтік құқықтық актілерді, келісімдерді, бағдарламаларды, ұсынымдарды әзірлеуге қатысуға;

4) Келісім ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін Тараптардың еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Тараптар келіскен көлемде және мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір-біріне ақпарат беруге;

5) заңнамада және осы Келісімде белгіленген жұмыскерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктердің орындалуын қамтамасыз етуге және ұжымдық шарттар жасасу кезінде осы кепілдіктер мен жеңілдіктердің тізбесін кеңейтуде жұмыскерлер мен Жұмыс берушілердің құқықтарын шектемеуге;

6) жанжалды жағдайларды шешу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз сақтау, әлеуметтік жауапкершілік, өзара сыйластық қағидаттарын басшылыққа алуға;

7) ұжымдық еңбек дауларының туындауына әкеп соғуы мүмкін себептер мен мән-жайларды жою жөнінде ескерту шараларын қабылдауға;

8) технологиялық жаңартуды ескере отырып, жұмыскерлерді кәсіби дамытуға, кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауға бағытталған шараларды жүзеге асыруға;

9) әлеуметтік әріптестік шеңберінде үш жақты келіссөздер мен консультациялар барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды сақтауға;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесін енгізуге жәрдемдесуге;

11) сала ұйымдарында реттелетін кәсіптер бойынша сәйкестікті растауды және біліктілік беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде жәрдем көрсетуге келісті.

2.2. Жұмыс берушілер:

1) сала ұйымдарында осы Келісімді іске асыру үшін жағдайлар жасайды, ұсыныстарды қарайды, келіссөздер, консультациялар жүргізеді және белгіленген тәртіппен және Кодексте көзделген шарттарда ұжымдық шарттар жасасады;

2) жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау кезінде осы Келісімнің бар екендігі туралы хабардар етеді, оларды ұжымдық шарттың ережелерімен және оған қосымшалармен, олардың қолданылу тәртібімен, сондай-ақ Жұмыс берушінің өздерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен функционалдық міндеттеріне қатысы бар актілерімен таныстырады;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамында Еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, Өндірістік жаракаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексерулер жүргізу бойынша кәсіподақтармен (олар болмаған кезде жұмыскерлердің өкілдерімен) бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асырады;

4) салалық біліктілік жүйесін (СБЖ) дамытуға жәрдемдеседі;

5) салалық кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысады;

6) қаржылық мүмкіндіктерге қарай негізгі құралдарды жаңартуды жүргізеді және озық технологияларды енгізеді;

7) ұйым жұмыскерлерін өндірістік ішіндегі оқытуды дамытуға жәрдемдеседі;

8) өнімділігі жоғары және еңбек жағдайлары қауіпсіз жұмыс орындарын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайды және жаңартылған жұмыс орындарының талаптарына сәйкес персоналды оқытуды қамтамасыз етеді;

9) әлеуметтік-еңбек жанжалдарына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

10) сала кәсіпорындарының әлеуметтік-еңбек қатынастарын және өндірістік қызметін реттеу мәселелері бойынша ұжымдармен кездесулер ұйымдастырады;

11) ұйымдағы басшылар арасында еңбек заңнамасын оқыту және түсіндіру, әлеуметтік-еңбек жанжалдарында келіссөздер жүргізе білу дағдыларын дамыту және консенсусқа қол жеткізу бойынша оқыту тренингтерін өткізеді.

2.3. Кәсіподақ:

1) сала ұйымдарында өндіріс тиімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға жәрдемдеседі;

2) Жұмыс берушілерге жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтау, еңбекке ақы төлеудің қолданыстағы жүйелерін түсіндіру мәселелерінде жәрдемдеседі және олармен тұрақты әлеуметтік диалог негізінде қатынастар орнатады;

3) Келісімде бекітілген шарттарда және тәртіппен сала ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізу бойынша Жұмыс берушілермен бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асырады, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды оқытады және олардың жұмысын жетілдіреді;

5) Жұмыс берушілер келісім бойынша өздеріне қабылдаған міндеттемелерді орындаған жағдайда, Келісімнің қолданылу кезеңінде еңбек жанжалдарына, ереуілдерге және жұмыстарды тоқтатуға (тоқтата тұруға) жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды;

6) саламатты өмір салтын насихаттау, жұмыскерлердің профилактикалық медициналық қарап-тексерілуін қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ жұмыскерлердің балаларының санаторий-курорттық емделуін, демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша жұмысты жүргізеді;

7) кәсіподақ мүдделерін білдіретін жұмыскерлердің ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді, Жұмыс берушілерді Кәсіподақтың алқалы органы қабылдайтын шешімдер туралы уақтылы хабардар етеді және оларға жоспарланған ұжымдық іс-қимылдар туралы ескертеді;

8) кәсіподақтар мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, оларға құқықтық және консультациялық көмек көрсетеді;

9) кәсіподақ мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының

негіздері, келіссөздер жүргізу қабілетін дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

10) Жұмыс берушімен өзара қарым-қатынастарда кәсіптік одақ органына өздерінің мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген кәсіптік одақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің мүдделерін білдіреді;

11) сала жұмыскерлерін әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша қабылданатын шаралар мен шешімдер туралы хабардар етеді;

12) Еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына қатысады;

13) жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясының, сондай-ақ ұжымдық еңбек дауларын қарау кезінде татуластыру комиссиясының және еңбек төрелігінің құрамына қатысады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қауіпті өндірістік объектілерге жатқызылған сала ұйымдарындағы ұжымдық еңбек дауларын ереуілдерге жол бермеу мақсатында тек қана татуластыру рәсімдері арқылы шешеді.

15) Ұжымдық шарттың қолданылуын атынан ұжымдық шарт жасалған ұйымның жұмыскерлеріне және оған қосылған жұмыскерлерге Ұйымның ұжымдық шартына қосылу тәртібі туралы ережеде (№ 6 қосымша) айқындалған тәртіппен және қосылу талаптарында таратуға жәрдемдеседі.

2.4. Министрлік:

1) Осы Келісімді әзірлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру, келісім жасасу және іске асыру жөніндегі келіссөздерге қатысу арқылы, оның ішінде әлеуметтік әріптестікті дамыту мәселелеріндегі үйлестіруші функциясын жүзеге асыру арқылы әлеуметтік әріптестік жүйесін нығайтуға және дамытуға жәрдемдеседі;

2) саладағы әлеуметтік әріптестік стратегиясының негізгі басымдықтарын талқылайды және қажет болған кезде түсіндіреді және оның өңірлерде іс жүзінде іске асырылуына жәрдемдеседі;

3) саладағы әлеуметтік әріптестікті іске асыру шеңберінде Кәсіподақтар мен Жұмыс берушілердің өкілдерін отырыстардың, алқалардың, кеңестердің жұмысына қатысуға тартады;

4) саланың шетелдік жұмыс күшіне қажеттілігін айқындау тәртібін жетілдіруге жәрдем көрсетеді;

5) ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру есебінен өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды ынталандырады, сертификаттау инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етеді.

2.5. Әлеуметтік әріптестік тараптарының барлық өзге міндеттемелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделеді және сала ұйымдарында ұжымдық шарттар жасасу кезінде нақтыланады.

III. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАРАУ

3.1. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеу мен іске асырудың үйлестірушісі Министрлік болып табылады.

3.2. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеудің, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің бастамашысы Келісім Тараптарының кез келгені болуға құқылы.

3.3. Саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының мазмұны жөніндегі ұсыныстарды Салалық комиссия қарайды, ол келісілген ұстанымды түпкілікті әзірлеу мақсатында ұжымдық келіссөздер мен өзара консультациялар жүргізеді.

IV. САЛАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ПЕН ДИАЛОГТЫ ДАМЫТУ

4.1. Тараптар әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуды, әлеуметтік және экономикалық даму мен әлеуметтік, еңбек қатынастарын реттеудің негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде оның мүмкіндіктерін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қажет деп санайды.

4.2. Тараптар әлеуметтік әріптестіктің негізгі мақсаттары еңбек жанжалдарының алдын алу, жұмыскерлерге олардың құқықтарын түсіндіру, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу практикасын талдау және жетілдіру, әлеуметтік әріптестік және ұжымдық-шарттық реттеу қағидаттарын енгізу, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау болып табылатынын мойындайды.

4.3. Тараптар әлеуметтік әріптестікті салалық деңгейде, оның ішінде консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы Тараптардың мүдделерін келісуді Салалық комиссия қамтамасыз етеді деген келісімге келді. Салалық комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде Келісімді әзірлеуге және қабылдауға қатысады.

4.4. Тараптар:

1) әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу және оларды болғызбау жөніндегі алдын алу шаралары кешенін қабылдауға;

2) сала кәсіпорындарында Салалық келісімнің және ұжымдық шарттардың орындалуы туралы ақпаратты жыл сайынғы негізде беруге;

3) әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын және ұжымдық еңбек дауларын шешу тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды дайындау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға;

4) өзіне алған міндеттемелерді орындау және өзара бақылауды жүзеге асыру үшін осы Келісімде айқындалған мәселелер бойынша ақпарат, құжаттар және материалдар, статистикалық деректер алмасуды жүргізуге уағдаласты.

4.5. Министрлік әлеуметтік әріптестік тараптарымен келісу бойынша Салалық комиссия туралы ережені бекітеді. Салалық комиссия қатысушыларының дербес құрамын әрбір Тарап дербес қалыптастырады.

4.6. Салалық комиссия бекітілген Ережеге және жұмыс жоспарларына сәйкес жұмыс істейді. Салалық комиссияның шешімдері келіссөздерде барлық тараптардың келісіміне қол жеткізу негізінде ғана қабылданады және тиісті келісімдермен ресімделеді. Шешімдер қабылдау және жұмысты ұйымдастыру тәртібін Комиссия әзірлейді және бекітеді.

4.7. Тараптар әлеуметтік әріптестікке:

1) Салалық комиссия жұмысына атсалысу;

2) Келісімдер мен ұжымдық шарт жобаларын және олардың қорытындыларын әзірлеу;

3) еңбек қатынастарын және онымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері бойынша өзара консультациялар (келіссөздер) жүргізу, жұмыскерлердің еңбек саласындағы құқықтарының кепілдігін қамтамасыз ету;

4) жұмыскерлердің немесе олардың өкілдерінің Кодексте, ұжымдық шартта және ұйым жарғысында көзделген өкілеттілік шеңберінде ұйымды басқаруға қатысуын қамтамасыз ету;

5) әлеуметтік әріптестік тараптарының консультациялары мен келіссөздері кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялау және өзіне алған міндеттемелердің орындалу жай-күйі туралы ақпаратты жариялау;

6) ұжымдық еңбек дауларына, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша профилактикалық шаралар жүргізу арқылы қатысады.

4.8. Тараптар өкілдерінің келісім жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтаруы немесе Келісімге қол қоюдан негізсіз бас тартуы, келіссөздер жүргізу мерзімдерін бұзуы және тиісті комиссияның жұмысын қамтамасыз етпеуі, келіссөздер жүргізу және Келісім ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынбауы, сол сияқты оның талаптарын бұзуы немесе орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

4.9. Тараптар Халықаралық Еңбек Ұйымының № 87 «Бірлестіктер бостандығы және кәсіподақтарға бірігу құқығын қорғау туралы», № 135 «Кәсіпорындағы еңбекшілер өкілдерінің құқықтарын қорғау және оларға берілетін мүмкіндіктер туралы» Конвенцияларына сәйкес сала ұйымдарындағы жұмыскерлер өкілдерінің еркін қызметі үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді.

4.10. Кәсіподақтар:

1) жұмыскерлер арасында еңбек заңнамасының негізіне оқытуды және түсіндіруді, еңбек жанжалдарында келіссөздер жүргізе білу дағдыларын дамыту және консенсусқа қол жеткізу бойынша оқыту тренингтерін өткізеді;

2) ұжымдық еңбек дауы туындаған кезде заңсыз ереуілдер, жиналыстар, наразылық акцияларын өткізуге жол бермей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде оны шешуді қамтамасыз етеді.

V. ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

5.1. Тараптар өндіріс тиімділігін өсіру есебінен сала жұмыскерлерінің табысын арттыруға бағытталған саясаттың жүргізілуінің қажеттігін және өзара жауапкершілікті мойындайды.

5.2. Тараптар:

1) еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру нысандарын, жүйелерін және еңбекті ынталандырудың басқа да нысандарын белгілеу және қайта қарау туралы ережелер ұжымдық шарттардың және (немесе) Жұмыс берушінің актілерінің талаптарымен айқындалатыны;

2) еңбекке ақы төлеу жүйесі біржолғы ынталандыру төлемдерін есепке алмағанда, жұмыскерлердің 75 % (жетпіс бес пайыздан) кем емес негізгі жалақы үлесін қамтамасыз етуі тиістігі;

3) бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік ставкасының (айлықақысының) ең төмен мөлшері тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінің (бұдан әрі – АЖТМ) 1,21 мөлшерінен төмен емес болып белгіленеді.

Бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік ставкасына (жалақысына) 1,21 коэффициенті осы тарифтік ставка (айлықақы) 1,21 коэффициентімен АЖТМ -нан төмен ұйымдарда ғана қолданылады.

Егер ұйымдарда еңбекке ақы төлеу жүйесінде бірінші разрядты жұмыскердің неғұрлым жоғары мәндері бар айлық тарифтік мөлшерлемесінің (айлықақысының) ең төмен мөлшері көзделген жағдайда, ол азаю жағына қарай қайта қаралмайтыны;

4) сала ұйымдарында разрядаралық коэффициенттердің мынадай ең төменгі мәндері белгіленеді:

- бірінші және екінші біліктілік разрядтары арасында кемінде 0,2;

- екінші және үшінші, үшінші және төртінші, төртінші және бесінші біліктілік разрядтары арасында кемінде 0,06;

- бесінші және алтыншы біліктілік разрядтары арасында кемінде 0,07;

- алтыншы және жетінші біліктілік разрядтары арасында кемінде 0,08;

- жетінші және сегізінші біліктілік разрядтары арасында кемінде 0,1.

Егер сала ұйымдарында еңбекке ақы төлеу жүйесінде неғұрлым жоғары мәндері бар разрядаралық коэффициенттер көзделген жағдайда, олар азайту жағына қарай қайта қаралмайтыны;

5) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін сала жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу еңбек жағдайлары қалыпты жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбегіне ақы

төлеумен салыстырғанда 1,5 жоғарылатылған салалық коэффициентті қолдану арқылы жоғары мөлшерде белгіленеді.

Егер сала ұйымдарында ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда осы Келісімде көзделгеннен неғұрлым жоғары мәндегі еңбекке ақы төлеу шарттары көзделген жағдайда, олар өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауға дейін азайту жағына қарай қайта қаралмайтыны;

6) сала кәсіпорындарының қаржылық мүмкіндігі шегінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген тәртіппен айқындалатын жыл сайынғы инфляция мөлшерінде жұмыскерлердің жалақысын жыл сайынғы индекстеу жүзеге асырылатыны;

7) ұйым жұмыскерлерінің жалақысы айына кемінде бір рет және Кодексте белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ақшалай нысанда белгіленетіні және төленетіні;

8) мереке және демалыс күндеріндегі жұмыс, кәсіптік мереке күнгі (Химия өнеркәсібі қызметкерлерінің күні) жұмыс уақытына ақы төлеу екі есе мөлшерде жүргізілетіні.

Үстеме жұмыс уақытына ақы төлеу және түнгі уақыттағы еңбекке ақы төлеу 1,5 мөлшерде жүргізілетіні.

Түнгі жұмыс уақыты мереке немесе демалыс күндеріне сәйкес келген кезде еңбекке ақы төлеу Кодекстің 110-бабының бірінші бөлігіне сәйкес түнгі сағаттар үшін және Кодекстің 109-бабына сәйкес мереке немесе демалыс күндері сағаттары үшін бөлек жүргізілетіні;

9) Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу – жалақының ең төмен мөлшерінен төмен емес мөлшерде, ал Жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайызы мөлшерінде жүргізілетіні;

10) жұмыскердің жалақысынан ұстап қалу сот шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және Кодекстің 115-бабында көзделген жағдайларда жүргізілетіні;

11) жалақы еңбек заңнамасында көзделген толық көлемде және мерзімде төленбеген жағдайда, Жұмыс беруші жұмыскерге мөлшері Кодекстің 113-бабы 3-тармағында айқындалған мөлшерде берешек және өсімпұл төлейтіні.

Өсімпұл мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшерлемесі негізге алына отырып есептеледі және төлем жүргізілуге тиісті келесі күннен бастап төлем жасалған күнмен аяқталатын әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін есептелетіні;

12) тиісті біліктілігі бар жұмыскер үшін кадрларды ұтымды орналастыруды және пайдалануды қамтамасыз ету үшін техниканың, технологияның, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың қол жеткізілген деңгейіне сәйкес әртүрлі жұмыстарды орындауға жұмсалатын еңбек

шығындарының негізделген нормалары (уақыт, өндірім, еңбек сыйымдылығы, қызмет көрсету, сан нормалары) белгіленетіні;

13) жана еңбек нормаларын әзірлеуді, енгізуді, ауыстыруды және қайта қарауды еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді ескере отырып, Жұмыс беруші жұмыскерлер өкілдерімен келісу бойынша жүргізетіні туралы уағдаласты.

VI. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ

6.1. Сала ұйымдарын

дағы жұмыс уақыты мен демалыс уақыты Кодекспен, Еңбек және ұжымдық шарттармен, еңбек тәртіптемесі қағидаларымен және Жұмыс берушінің басқа да актілерімен реттеледі. Жұмыс берушілер ұйымдарда жұмыскерлердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытының толық есебін жүзеге асырады.

6.2. Сала ұйымдары жұмыскерлерінің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына қырық сағаттан аспауға тиіс. Еңбек шартында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы үшін ақы төлене отырып, жұмыс уақытының аз ұзақтығы көзделуі мүмкін.

6.3. Жұмыс уақытын жиынтықтап есепке алған кезде (оның ішінде жұмыстардың вахталық әдісі кезінде) жұмыс ауысымының ұзақтығы жұмыскерлердің осы санаты үшін белгіленген мерзімі бір жылдан аспауға тиіс есептік кезең шегінде апта сайынғы жұмыс уақыты ұзақтығының орташа нормасын сақтаған жағдайда тәулігіне он екі сағаттан аспауға тиіс. Жұмыс уақытының жиынтық есебі кезіндегі жұмыс тәртібі, жұмыс уақытының жиынтық есебі белгіленетін жұмыскерлердің санаттары ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

6.4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға (жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс) тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

6.5. Мереке және демалыс күндері жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6.6. Егер ұжымдық шартта көзделген болса, Жұмыс беруші Кодекстің талаптарына және Жұмыс берушінің кәсіподақтың (жұмыскерлер өкілдерінің) пікірі ескеріле отырып шығарылған актілеріне сәйкес жұмыс уақытының, тынығу және еңбек демалыстарының ұзақтығын белгілеуді жүзеге асырады.

Сала кәсіпорындары жұмыскерлерінің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының жалпы жиынтығы (негізгі және қосымша) күнтізбелік 30 (отыз) күннен кем болмауы тиіс.

6.7. Кәсіби мерекеге – Химия өнеркәсібі жұмыскерлерінің күніне (мамырдың соңғы жексенбісі) Жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің

өкілетті өкілдері сала ұйымдарында өндіріс озаттарына құрмет көрсете отырып, салтанатты жиналыстар өткізеді.

VII. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР, ӨТЕМАҚЫЛАР МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР

7.1. Кодекске сәйкес сала жұмыскерлеріне әлеуметтік жәрдемақылар мен материалдық көмекті тағайындау және төлеу шарттары, тәртібі ұжымдық шарттарда және (немесе) Жұмыс берушінің актілерінде, сала ұйымдарының еңбекшілерін әлеуметтік қолдау туралы ережелерде белгіленеді.

7.2. Ұжымдық шарттарда (№1 қосымша) әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктердің мынадай түрлері көзделуі мүмкін:

1) жұмыскерлерге материалдық және өзге де көмек, сондай-ақ жұмыскерлерге берілетін аванстар, несиелер (қарыздар);

2) жұмыскерлер мен олардың отбасыларына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру (жұмыскерлер мен олардың отбасыларын медициналық сақтандыру кепілдігі);

3) ұйым ішінде мемлекеттік наградаларға, үздіктік белгілеріне, сондай-ақ көтермелеудің басқа да түрлеріне ие болған жұмыскерлерді біржолғы көтермелеу;

4) ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелерге, сондай-ақ мерейтой күндеріне және жұмыскердің еңбегі сіңген демалысқа кетуіне орайластырылған жұмыскерлерді біржолғы көтермелеу;

5) даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілікті арттырудан өтіп жатқан жұмыскерлерге, сондай-ақ жұмысты оқумен қоса атқаратын жұмыскерлерге кепілдіктер мен жеңілдіктер;

6) жұмыскерлерге сауықтыруға берілетін, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына материалдық көмек түрінде не санаторий-курорттық емделуге және демалуға жолдамалар беру түрінде болуы мүмкін әлеуметтік жеңілдіктер.

Жұмыс беруші тау-кен өндіруші кәсіпорындарының, «Қазфосфат» ЖШС-нің және «ҚазАзот» АҚ-ның жұмыскерлеріне еңбек демалысына жылына бір рет, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ұсталатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоспағанда, әрқайсысына:

- 2025 жылда 100 000 (бір жүз мың) теңге;

- 2026 жылдан бастап 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде материалдық көмек төлейді.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын бөліктермен берілген жағдайда, еңбек демалысы үшін материалдық көмек демалыстың бір бөлігі кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күнге берілген кезде толық көлемде төленеді.

Жұмыскер еңбек демалысынан кері шақыртып алынған жағдайда материалдық көмек сомасы ұстап қалуға жатпайды;

7) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылған жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап

алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегере отырып, орташа жалақысы сақтала отырып, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа ақы төлеу;

8) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жұмыскердің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оның пайдасына Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ерікті зейнетақы жарналары;

9) жұмыскер зейнеткерлік жасқа толған кезде Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған жағдайдағы өтемақы төлемдері;

10) жұмыскерлердің Жұмыс берушінің орналасқан жерінен немесе жинау пунктінен жұмыс орнына дейін және кері қайтқанда жолда болған уақыты үшін өтемақы төлемдері;

11) жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде төлемдер;

12) ұйымның қаржылық мүмкіндігін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлері.

7.3. Жұмыс берушілер қаржылық мүмкіндік шегінде:

1) сала ұйымдарының балансында тұрған әлеуметтік объектілерді (демалыс базалары, балалардың сауықтыру лагерлері, клуб мекемелері, спорт ғимараттары және т. б.) және олардың персоналын ұстай алады;

2) мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыруға кәсіподақ органдарына ақшалай қаражат бере алады.

7.4. Кәсіподақтар Жұмыс берушілермен бірлесіп сала жұмыскерлері арасында дене шынықтыру-спорт және мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырады, ал Салалық кәсіподақтың орталық органы осындай іс-шараларды халықаралық және республикалық деңгейлерде ұйымдастырады.

7.5. Кәсіподақтар халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, Жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктеріне халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді.

7.6. Кәсіптік одақтар мен олардың бірлестіктерінің халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, жұмыссыздықтан және оның салдарларынан қорғауға қатысуы Қазақстан Республикасының Әулеметтік Кодексінде, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, өзге де нормативтік құқықтық актілерде, ұжымдық шарттарда және келісімдерде айқындалады.

7.7. Ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлеу кезінде қосымша әлеуметтік кепілдіктерді, өтемақылар мен жеңілдіктерді белгілеу үшін «Сала ұйымдарында жұмыскерлерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау туралы» үлгілік қағидалар (№ 2 қосымша) пайдаланылады.

VIII. ГЕНДЕРЛІК ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ

8.1. Тараптар ұжымдық шарттарда мынадай талаптарды көздеу қажет деп таниды:

1) Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шартының Жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзылуына жол бермеу;

2) әйелдердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауырлықтарды қолмен көтеруіне және жылжытуына жол бермеу;

3) Тараптардың келісімі бойынша медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесін күтуді жүзеге асыратын жұмыскерлерге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-аналардың біріне (асырап алушыға), он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналарға, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдарға, оқушылардың оқудан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін, Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін екі жастан аз қалған не көрсетілген зейнеткерлік жасқа толған жұмыскерлерге бірлесіп жұмысқа орналасуға жол беру;

4) жүкті әйелді медициналық қорытынды негізінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын, орындалатын жұмыс бойынша ақы төленетін, бірақ бұрынғы жұмыс бойынша орташа жалақыдан төмен емес басқа жұмысқа уақытша ауыстыру;

5) вахталық әдіспен жұмыс істейтін жүкті әйелді он екі және одан да көп апта мерзімдегі жүктілік туралы анықтама негізінде орындалатын жұмыс бойынша ақы төленетін, бірақ бұрынғы жұмыс бойынша орташа жалақыдан төмен емес бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасына уақытша ауыстыру.

Жүкті әйелге басқа жұмыс берілгенге дейін ол орташа жалақысы сақтала отырып, жұмысты орындаудан босатылуға жатады.

Жүкті әйел Жұмыс беруші ұсынған басқа жұмысқа ауысудан бас тартқан жағдайда, ол жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілгенге дейін жалақысы сақталмайтын қарсы көрсетілген жұмысты орындаудан босатылуға жатады;

6) бастауыш мектепте (1-4 сынып) оқитын балалары бар әйелдерге оқу жылының бірінші күнінде қосымша ақылы демалыс күнін беру;

7) үш және одан да көп баласы бар әйелдердің жазғы немесе оларға қолайлы кез келген уақытта жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына басым құқық беру;

8) Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтама ұсынған жүкті әйелдерді, сондай-ақ он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді үстеме жұмысқа және түнгі уақыттағы жұмысқа жібермеу;

9) жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді және жеті жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа да адамдарды, сондай-ақ он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерді жазбаша келісімсіз түнгі уақытта жұмысқа тартпау;

10) Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартпау.

11) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдана отырып жұмысқа тартуға жол бермеу;

12) егер жұмыс күнінің (жұмыс ауысымының) ұзақтығы сегіз сағаттан асатын болса, жүкті әйелдер үшін жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдануға жол бермеу;

13) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерді, Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтама ұсынған жүкті әйелдерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысынан шақыртып алуға жол бермеу;

14) вахталық әдіспен орындалатын жұмыстарға жүктілігі туралы анықтаманы ұсынған он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді, жүктілік мерзімі он екі және одан да көп апта жүкті әйелдерді жібермеу;

15) егер бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының мерзімі аяқталатын күнге жүкті әйел он екі және одан да көп апта мерзімдегі жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жағдайда, сондай-ақ үш жасқа дейінгі баласы бар, бала асырап алған және бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалысқа өз құқығын пайдалануға тілек білдірген жұмыскер еңбек шартының мерзімін бала күтімі жөніндегі демалыс аяқталған күнге дейін уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру жағдайларынан басқа жағдайда, еңбек шартының мерзімін ұзарту туралы жазбаша өтініш бере отырып, ұзартуға құқылы;

16) жүкті әйелдерге, бала (балалар) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (еркектерге) Кодекстің 99-бабының 1-тармағында көзделген бала тууға байланысты демалыстар беру;

17) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге (ата-аналардың біріне) бала асырап алынған күннен бастап және бала туған күннен бастап елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге демалыс беру;

18) бір жарым жасқа дейінгі балалары бар жұмыс істейтін әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған әкелерге (бала асырап алушыларға) Кодекстің 82-бабының 3-тармағында көзделген ұзақтығы кемінде әрбір үш сағат сайын баланы (балаларды) тамақтандыру үшін қосымша үзілістер беру.

Баланы тамақтандыруға арналған үзілістер (балаларды) жұмыс уақытына қосылады. Үзілістер уақытында әйелдердің, әкелердің, бала асырап алушылардың орташа жалақысы сақталады.

8.2. Тараптар гендерлік және жастар саясатына қатысты бірлескен қызметтің басым бағыттары:

1) білім беру ұйымдарында не Жұмыс берушілердің оқу орталықтарында Жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, әйелдер мен жастарды кәсіптік оқытуды жүргізу;

2) халықты жұмыспен қамту орталығы, оқытатын ұйым, Жұмыс беруші және оқитын адам арасында тараптардың құқықтары мен міндеттері, оқуға ақы төлеу және шартты мерзімінен бұрын бұзу шарттары, кәсіптік оқытуды қаржыландыру мерзімі мен көздері қамтылуға тиіс әлеуметтік келісімшарт жасасу;

3) Жұмыс берушінің халықты жұмыспен қамту орталығымен жасасқан шарт негізінде жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын құруы. Жұмыс орындарын құру кезінде тұрақты жұмыс орындарына арналған бос орындар пайдаланылмайды. Құрылған жұмыс орындары білім беру ұйымының түлегі алған мамандыққа (мамандыққа) сәйкес келуі тиіс;

4) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі мыналарға бағытталған шараларды жүзеге асыру:

- ана мен баланы қорғауды, әйелдерді әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы гендерлік мәселелерді шешу;

- балаларды күтумен және олардың тәрбиесімен айналысатын ерлер мен әйелдерді тең құқықтарда қолдау;

- шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдігін арттыру.

5) IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру және жастарды патриотизмге тәрбиелеу деп санайды.

IX. ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

9.1. Келісім Тараптары жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды сала ұйымдарындағы еңбек қорғау саласындағы саясаттың басты бағыты ретінде мойындайды және өзіне мынадай міндеттер жүктейді.

9.2. Жұмыс берушілер:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Кодекске, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Келісімге сәйкес жұмыскерлердің қауіпсіз жағдайлары мен еңбегін қорғауды қамтамасыз етеді;

2) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірудің кез келген қатерін болғызбау жөнінде:

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға жауапты барлық деңгейдегі қызметтердің тиімді жұмысын ұйымдастыру;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің қызметі үшін жағдайлар жасау;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйі мен жағдайларына ішкі бақылауды ұйымдастыру арқылы шаралар қабылдайды;

3) жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқама беруді, білімдерін тексеруді жүргізеді, сондай-ақ өз қаражаты есебінен өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етеді;

4) Жұмыс берушінің актісімен бекітілген тізімге сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда үш жылда бір реттен сиретпей мерзімділікпен басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды және білімдерін тексеруді ұйымдастырады;

5) жұмыскерлер үшін қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасайды, арнайы киім мен аяқ киімді беруді және жөндеуді қамтамасыз етеді, жұмыскерлерді профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен; сүтпен немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған мамандандырылған өнімдермен, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға және (немесе) жұмыскерлердің жағдайын жақсартатын ұжымдық шарттарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен жарақтандырады;

6) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерге олар үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауыр заттарды тасуға және қозғалтуға жол берілмейді;

7) әйелдердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауыр заттарды қолмен көтеруіне және жылжытуына жол берілмейді;

8) келісімде, ұжымдық шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгерген басқа жұмысқа ауыстырған не кәсіптік аурудың белгілері пайда болған кезде жұмыскерлерді міндетті, мерзімдік (еңбек қызметі барысында) медициналық қарап-тексерулерден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан меншікті қаражаты есебінен өткізеді;

9) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тіркеуді, есепке алуды және талдауды жүзеге асырады;

10) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және аумақтық бөлімшеге, жұмыскерлердің өкілдеріне олардың жазбаша сұрау салуы бойынша еңбек жағдайлары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйінің мониторингі үшін қажетті ақпаратты тоқсанына бір рет береді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз етеді;

12) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамалары мен қорытындыларын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімдерін орындайды;

13) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен қағидаларға сәйкес жұмыскерлер өкілдерінің қатысуымен өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша мерзімді, кемінде бес жылда бір рет аттестаттауды, сондай-ақ реконструкциялаудан, жаңғыртудан, жаңа техника мен технология орнатылғаннан кейін міндетті аттестаттауды өткізуді ұйымдастырады.

Аттестаттау комиссиясының құрамына басшы не оның орынбасары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің және келісім бойынша өзге де бөлімшелердің мамандары, сондай-ақ жұмыскерлердің өкілдері кіреді;

14) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері туралы мәліметтерді бір ай мерзімде жазбаша немесе еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйе арқылы ұсынуға;

15) еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға, жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға қажетті қаражат бөледі;

16) дүлей зілзаланы, авариялық жағдайды, жазатайым оқиғаларды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін және жарақаттайтын факторлардың басқа адамдарға әсерін болғызбау немесе жою, олардың зардаптарын дереу жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды;

17) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды жүзеге асырады;

18) еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізеді және оның жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады;

19) жұмыскерлерге, оның ішінде жұмысқа жаңадан қабылданғандарға еңбек пен демалыстың белгіленген режимін, еңбек жағдайларының жай-күйі туралы дұрыс ақпаратты жеткізеді, зияндылық пен қауіптілік дәрежесі, денсаулық үшін ықтимал қолайсыз салдарлар туралы ескертеді;

Еңбек жағдайларының сипаттамалары, ауыр жұмыстар мен еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті жұмыстар үшін өтемақылар мен жеңілдіктер жұмыскерлермен жасалатын еңбек шарттарында, сондай-ақ Жұмыс берушінің актілерінде көрсетіледі;

Жұмыстың жекелеген түрлерінде жұмыскерлерге өндіріс пен еңбек технологиясына және оны ұйымдастыруға байланысты ауысым ішіндегі үзілістер беріледі, олар жұмыс уақытына қосылады. Бұл жұмыстардың түрлері, мұндай үзілістердің ұзақтығы мен оларды беру тәртібі ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актілерінде және (немесе) кәсіптік тәуекелдерді бағалауда айқындалады.

20) Жылдың суық немесе ыстық мезгілінде ашық ауада, жабық жылытылмайтын үй-жайларда жұмыс істейтін, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарында істейтін жұмыскерлерге жұмыс уақытына қосылатын жылыту не салқындату және демалу үшін арнайы үзілістер беріледі және

жұмыскерлердің жылынуы, салқындауы және демалуы үшін үй-жайлардың жайластырылуын қамтамасыз етеді;

